*Жоба*

# 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕКЕМЕНШІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУГЕ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2025-2026 оқу жылына Ақтөбе облысының жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік тапсырысы бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

**Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.**

*қаулысына қосымша*

### 2025-2026 оқу жылына Ақтөбе облысының жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Жеке мектептердің атаулары | Орта білім беруге арналған мемлекеттік тапсырыс бойынша айына бір оқушыға шаққандағы орташа шығындар мөлшері (теңге) | | | | | | | | | | | | Тәрбиеленушілер саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-4 сынып | | | | 5-9 сынып | | | | 10-11 (12) сынып | | | | |
| | | жалпы білім беретін сыныпта | түзету сыныбында | арнайы білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту бойынша | жалпы білім беретін сыныпта | түзету сыныбында | арнайы білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту бойынша | жалпы білім беретін сыныпта | түзету сыныбында | арнайы білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту бойынша | |
| 1 | «MPILS» жеке мектебі «Media Pro World» ЖШС | 50 475 | | | | | | | | | | | | 198 |
| 2 | «Баишев мектеп-лицей» ЖШС | 50 475 | | | | 68 219 | | | | | | | | 161 |
| 3 | «GEN ALPHA SCHOOL» ЖШС | 50 475 | | 85 437 | 237 957 | | | | | | | | | 268 |
| 4 | «Білім» орта жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы» (М.Шоқай 35А) ЖШС | 50 475 | | 85 437 | | 68 217 | | 120 924 | 294 710 | 81 114 | | | 351 412 | 5258 |
| 5 | «Білім» орта жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы» (Х.Досмұхамедұлы 6В) ЖШС | 50 475 | | 85 437 | 237 957 | 68 217 | | 120 924 | 294 710 | 81 114 | | | | 3131 |
| 6 | «Болашақ мектеп-бақшасы» жекеменшік мекемесі | 50 475 | | | | | | | | | | | | 44 |
| 7 | «Elite kids school» ЖШС | 50 475 | | 85 437 | | | | | | | | | | 170 |
| 8 | «Atameken School LTD» ЖШС | 50 475 | | | | 68 219 | | | | | | | | 432 |
| 9 | «Самғау-2» мектебі» ЖШС | 50 475 | | | | | | | | | | | | 74 |
| 10 | «Ақбөбек» оңалту орталығы» (Сәңкібай батыр, 74Б) ЖШС | 50 475 | | 85 437 | | | | | | | | | | 184 |
| 11 | «Сымбат-2050» ЖШС | 50 475 | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 236 |
| 12 | «Сымбат-2050» ЖШС (интернат) | 117 167 | | | | 134 911 | | | | 147 806 | | | | 146 |
| 13 | «ABYROI SCHOOL Aqtobe» ЖШС | | | | | | | | | 81 114 | | | | 294 |
| 14 | «Dostyk School Aktobe» ЖШС | | | | | | | | | 81 114 | | | | 330 |
| 15 | «Shanyraq school» ЖШС | 50 475 | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 270 |
| 16 | «KAZGUU School.Aqt» ЖШС | 50 475 | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 464 |
| 17 | «High School Aktobe» ЖШС | | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 533 |
| 18 | «125 АКТОВЕ» ЖШС | | | | | | | | | 81 114 | | | | 309 |
| 19 | «Мозаика Ақтөбе» мектебі» ЖШС | | 93 410 | 85 437 | | | | | | | | | | 33 |
| 20 | «Школа-интернат Кемел Билим» ЖШС | | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 250 |
| 21 | «Кемел Білім» мектеп-интернат» ЖШС (интернат) | | | | | 134 911 | | | | 147 806 | | | | 85 |
| 22 | «МИРАС» бастауыш мектебі» ЖШС | 50475 | | 85437 | | | | | | | | | | 50 |
| 23 | «Sana school Aktobe» ЖШС | | | | | | | | | 81 114 | | | | 119 |
| 24 | «Heyday school» ЖШС | 50 475 | | | | | | | | | | | | 25 |
| 25 | «AQBOBEK INTERNATIONAL SCHOOL» ЖШС | 50 475 | | 85 437 | | 68 219 | | 120 924 | | 81 114 | | | | 1072 |
| 26 | «125 HIGH SCHOOL AKTOBE» ЖШС | | | | | | | | | 81 114 | | | | 295 |
| 27 | «AQBOBEK LYCEUM» ЖШС | | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 274 |
| 28 | «JOO High School Aqtobe» ЖШС | | | | | 68 219 | | | | 81 114 | | | | 461 |

**Ескертпе: аббревиатуралардың таратылып жазылуы:**
ЖШС – жауапкершілікі шектеулі серіктестік

*Жоба*

# «BEINEU-BOZOI-SHYMKENT 2 LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫНА ЖАРИЯ СЕРВИТУТ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 16, 69, 140-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес «Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd» жеке компаниясына меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін алып қоймастан Байғанин және Шалқар аудандарында жария сервитут, жалпы көлемі 1009,1404 гектарға «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылыс кезеңіне екінші желісінің сызықтық бөлігін орналастыру үшін 5 жыл мерзімге белгіленсін.

2. Байғанин, Шалқар аудандарының әкімдігі осы қаулыны мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. «Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін;

қаулы қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер учаскелерін шектеулі пайдалану (жария сервитут) шартын жасасуды қамтамасыз етсін.

4. «Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd» жеке компаниясы жұмыстар аяқталғаннан кейін алты ай мерзімде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды сақтай отырып, бұзылған жерлерді рекультивациялау бойынша іс-шаралар жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.**

*Ақтөбе облысы әкімдігінің*
*2025 жылғы___________*
*№ ____ қаулысына*
*қосымша*

### «Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd» жеке компаниясына жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

| р/с № | Жер пайдаланушының және меншік иесінің атауы | Кадастрлық нөмірі | Жария сервитут белгілеудің алаңы, гектар |
|---|---|---|---|
| Байғанин ауданы | | | |
| 1. | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | 02-023-024-548 | 0,2296 |
| 2. | Босалқы жер | - | 512,6497 |
| Байғанин ауданы бойынша жиыны: | | | 512,8793 |
| Шалқар ауданы | | | |
| 3. | «ТетисАралГаз» ЖШС | 02-035-028-073 | 0,042 |
| 4. | «Еңбек» шаруа қожалығы | 02-035-028-069 | 23,2894 |
| 5. | «ТетисАралГаз» ЖШС | 02-035-026-421 | 0,0124 |
| 6. | «ТетисАралГаз» ЖШС | 02-035-028-032 | 0,0308 |
| 7. | «ТетисАралГаз» ЖШС | 02-035-028-103 | 0,0048 |
| 8. | «Адал Сервис Актобе» ЖШС | 02-035-028-163 | 0,0542 |
| 9. | «ТетисАралГаз» ЖШС | 02-035-026-514 | 0,126 |
| 10. | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | 02-035-030-1043 | 0,8343 |
| 11. | «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» ММ | 02-035-028-164 | 0,2303 |
| 12. | «Интергаз Орталық Азия» АҚ | 02-035-026-552 | 0,0263 |
| 13. | «Интергаз Центральная Азия» АҚ | 02-035-026-107 | 0,0001 |
| 14. | «Отар» шаруа қожалығы | 02-035-002-200 | 7,843 |
| 15. | «Отар» шаруа қожалығы | 02-035-002-052 | 6,385 |
| 16. | «Отар» шаруа қожалығы | 02-035-029-009 | 5,8386 |
| 17. | «Отар» шаруа қожалығы | 02-035-029-051 | 0,1071 |
| 18. | «Адилханит» шаруа қожалығы | 02-035-029-001 | 14,3953 |
| 19. | «Назар» шаруа қожалығы | 02-035-029-053 | 26,6187 |
| 20. | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | 02-035-026-479 | 0,0295 |
| 21. | «Ерболсын» ЖШС | 02-035-029-035 | 5,6031 |
| 22. | «Қуанышбай» шаруа қожалығы | 02-035-029-036 | 17,6646 |
| 23. | «Наурыз Е» шаруа қожалығы | 02-035-012-254 | 5,9946 |
| 24. | «Наурыз Е» шаруа қожалығы | 02-035-012-253 | 1,099 |
| 25. | «Кенжебаев Жүсіп атындағы» шаруа қожалығы | 02-035-012-198 | 15,2722 |
| 26. | «Береке» шаруа қожалығы | 02-035-012-194 | 7,9933 |
| 27. | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | 02-035-026-457 | 0,0286 |
| 28. | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | 02-035-012-282 | 0,0006 |
| 29. | Бозой ауылдық округі Бозой ауылының жерлері | - | 134,4784 |
| 30. | Босалқы жер | - | 222,2589 |
| Шалқар ауданы бойынша жиыны: | | | 496,2611 |
| Аудан бойынша жиыны: | | | 1009,1404 |

**Байқау**

# ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**Ақтөбедегі Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп-гимназиясында «Үздік мұғалім – 2025» байқау–марафоны өтті.**



Терең ой, түзу сөз, қажымас еңбек — ұстаздыққа тән қасиет. Мұғалім өз біліктілігін көтеру жолында әрдайым ізденісте болуы керек. Мамандардың жауапкершілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған байқау бірнеше кезеңмен өтті. Оның ішінде педагогтердің өз пәні бойынша білімін, әдістемелік шеберлігін, авторлық жұмыс тәжірибесін, зерттеу нәтижесін, т.б. айқындау көзделді.

Байқаудың қорытындысы бойынша «Үздік мұғалім — 2025» атағына лайық ұстаздар анықталды. Атап айтқанда, Ақмарал Ешмұханова бас жүлдеге ие болды.

Ал Айсұлу Маруова мен Гүлсамал Төлеухан I орын иегерлері атанды.

Жүлдегерлер қатарында Аңсаған Ордабаева, Әйгерім Серікбаева, Еламан Серікбаев, Ақерке Аралбаевалар бар.

Айасыл Хасенова, Ақмаржан Жандосқызы, Әйгерім Тәңірбергенова, Гүлбақыт Атығай сынды ұстаздар түрлі номинация бойынша марапатталды.

Педагог мамандардың жауапкершілігін арттыру мен кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған іс-шараға ұстаздар үлкен ынта-ықыласпен қатысты. Бұл байқаудың өзара тәжірибе алмасуға да септігі зор болды деп есептейміз.

**Г. МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ,**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**


## «ҚАЗХРОМ «ТҰК» АҚ

**Дон КБК-филиалы Ақтөбе облысы Хромтау ауданындағы «ХХ жыл ҚазССР» кен орнының «карьердің» хром кендерін өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың жобасына» әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Қазхром» ТҰК «АҚ – ның Дон КБК «Донской» кеніші.**

**Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны:**
27.01.2026 ж.сағат 11.00-де (жергілікті уақыт бойынша): Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әйтеке Би көшесі, 46Б, Кеншілер мәдениет үйі, сондай-ақ бейнеконференцбайланыс арқылы (Zoom video Communications бағдарламасының көмегімен https://erg.zoom.us/j/86447915735?pwd=iLyThlAh26UOabSQFzVlrYEb7k6F8S.1, конференция идентификаторы 86447915735, кіру коды: 403023).

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖТ ҰДБ https://hearings.ndbecology.gov.kz және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел. 8 (7132) 55-09-23 E-mail: aktobe.uprrp@yandex.kz «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: «Азия – Эксперт» ЖШС, БСН 191040017945, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 15, 33-үй, 25-пәтер, E-mail: asia-expert_19@mail.ru.

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы** — «Қазхром» ТҰК» АҚ Донской КБК - филиалы, БСН 021041001594, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, +7 (71336) 2-13-72 (қабылдау бөлмесі), E-mail: dgok@erg.kz.



## «GAS PROCESSING COMPANY» ЖШС

**«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ) «Қожасай» УКПГ- 40 электрмен жабдықтау жүйесін белгіленген қуаты 2 МВт газ поршенді электр станциясының құрылысын кеңейту» жобасы бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.**

**Әсер ету аумағы:** Ақтөбе облысы, Байғанын ауданы. Қоғамдық талқылаулар 30.12.2025 пен 9.01.2026 аралығында https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі сайтында өтеді.

**Жоспарланған іс-шараның бастамашысы:** «Gas Processing Company» ЖШС. БИН 160440016252, Өкіл: Е.К.Жексембинов – директор, байланыс: тел. 8(707)801 8001.

**Әзірлеуші:** «Эконур» ЖК, Өкілі: А.М.Жусупова, байланыс тел.: 87777830386, электронды пошта: econur2011@mail.ru.

**Интернет-ресурстың мекенжайы:** https://ndbecology.gov.kz. Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін econur2011@mail.ru электронды пошта немесе 87777830386 телефон нөмірі бойынша сұратуға болады.



Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС**

**Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған**

**Директор** Раукен ОТЫНШИН

**Директордың орынбасары** Айгүл НҰРКЕЕВА

**Бас редактор** Сәтжан ДӘРІБАЙ

**Бас редактордың бірінші орынбасары** Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

**Бас редактордың орынбасары** Данагүл ҚАЗИХАН

**Жауапты хатшы** Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Арайлым НҰРБАЕВА
**Тілшілер** Мейрамгүл САТАЕВА, Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Айбек ТАСҚАЛИЕВ
**Тілшілер** Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37
**Тілшілер** Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ

**Беттеуші** Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА

**Корректорлар** Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67

**Жарнама бөлімі** 90-71-55





Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
**Сайт:** www.aqtobegazeti.kz
**E-mail:** aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

**Таралымы 11653 Тапсырыс №1455**

**Нөмірдің кезекші редакторы** Айдана Алтыбаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.



Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.



**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды**